

А. Байзақов, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Б.А. Аубакиров, криминалистика кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЖАУАП АЛУМЕН БЕТТЕСТІРУДІҢ ТАКТИКАСЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жауап алу — күрделі тергеу әрекеті, ол процессуалдық, ұйымдастырушылық, криминалистикалық, психологиялық және әдептік көзқарастарға ие. Оның шебер қозғау заң туралы ғана емес, сонымен қатар криминалистика, психология, педагогика, әдеп ғылымдарынан, сондай-ақ тұрмыстық тәжірибеден білімдер көлемі бойынша ауқымды білімдерді шығармашылық қолдануды талап етеді. Беттестіру күрделі тергеу әрекеті болып табылады, оны орындау тек тергеуші беттестірудің мәні мен мағынасын анықтағанда, сонымен қатар оның басқа тергеу әрекеттерінен ерекшелеуші белгілері туралы нақты біліммен мүмкін болады.

Жауап алау мен беттестірудің нәтижелілігі үлкен дәрежеде тергеуші қабылдаған дайындау іс-шараларына байланысты болады. Дайындық жауап алу өндірісінің мақсаттылығы туралы шешім қабылдағаннан және оны өткізу сәтін анықтаудан басталады, бұл тергеу әрекеті өндірісін техникалық қамтамасыз етумен жалғасады және тергеушіге оны өндіру барысында жұмысын барынша жеңілдететін жоспарды құрумен аяқталады¹.

Жауап алу — дәлелдерді жинау бойынша барынша таралған тергеу әрекеті, оның көмегімен тергеуші әр қылмыстық істе іс бойынша жағдайды анықтауға бағытталған, дәлелдердің неғұрлым көп санын алады. Бұл мағынада жауап алу негізгі тергеу әрекетті болып табылады. Схемалы түрдегі жауап алуды мынадай қылып түсінуге болады: тиісті тұлғаны шақырып, оны тыңдау, хаттамаға жазу, екінші жағынан — жауап алуға келу және тергеушінің сұрақтарына жауап беру. Алайда, бұл түзелмес қателіктерге әкелетін кеңінен таралған адасу. Жауап алу қиындығы, жауап берушінің тергеушіге бірден объективті түсінік, яғни барынша толық, оған белгілі және шынайы шынымен де болған барлық мәліметтерді бермейтіндігіне, байланысты².

Жауап алу нәтижесі бәрінен бұрын жауап берушінің көзқарасына байланысты — ол шындықты айтқысы келе ме әлде жасыруға ниетті ме және жалған түсініктер беру жолымен

шынайы ақпаратты жасыруды ұстануы. «Шынайы түсініктер — бұл жауап берушіге іс бойынша белгілі көлемі, өз уақытында онымен қабылданған қандай да бір айғақ туралы шынайы айту ниетімен берілген түсініктер».

Беттестірудің басты мақсатына жету — оның өндірісінің тактикалық тәсілдерін тергеушінің шебер қолдануында заңға қатаң сәйкестікте тек беттестіруді өткізуде ғана мүмкін — бұрын жауап алынған тұлғалар түсініктеріндегі нақты қайшылықтарды жою. Заң шығарушы талаптарының оны өткізу тактикасы бойынша ғылыми нұсқаулықтармен үйлесімді үндесуі тергеушіге оң нәтижені қамтамасыз етеді. Ғылымда өткізілген, тактикалық тәсілдерді дифференциациялау тергеушіге іс жағдайларына сәйкес нақты тактикалық тәсілдерді таңдауды жеңілдетеді. Беттестірудің тактикалық тәсілдерінің кәметке толмағанның қатысуымен ажыратылуы соңғысының психикалық, ақыл-ой, мәдени дамуының ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Кәметке толмағанның қатысуымен беттестіру өндірісінде тергеушінің арнайы тактиканы қолдануы осы қылмыстық іске қатысушылардан дәлелдерді алуға және іс бойынша тұтастай шындықты анықтауға жағдай жасайды³.

Ақпарат көздерінің сан алуандығы және үлкен көлемінен өтірікті анықтау оңай емес, бұл — сөздер, олардың арасындағы үзілістер, бет келбеті, кейпі, демалысы, қара тергеу түсуі, жүйке тартуы және т. б. Адам шындықты айтып тұрғандығы, алдап тұрғандығын анықтауға тырысатын субъектіге (біздің зерттеуде тергеушіге), сыртынан алдау болып көрінетін барлық белгілеріне бірдей ерекше назар аударудың қажеттілігі жоқ. Назарды барынша ақпараттыққа, атап айтқанда сөздерге, дауысқа, қозғалыстарға, ымға аудару қажет.

Адам өзіне тиімді емес заттар туралы айтпауды жөн санайды, ол басқалар көргені дұрыс деп санайтын түрін ғана көрсетеді. Егер адамда таңдау мүмкіндігі болса, ол көп жағдайларда үндемеуді таңдайды, себебі бұл жауап алу барысында ол үшін барынша қолайлы позиция. Бұрмалауда бірдеңені ойлап шығару, аңыз тудыру, шынайы оқиғаларды ойдан шығарылғандармен алмастыру, сәйкесінше әрдайым әшкерелену мүмкіндігі бар.

Жетістікті алдау үшін, адамның жақсы жадысы болу керек, ол оған баяндалған ақпаратта бағдар жасауына және детальдарда шатыспауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жауап берушіден ешкім сұрамаған жекелеген айғақтар, іс жағдайлары туралы үндемеу, жасыру, жалған болып табылмайды. Үндемеу баяу, оның айыптылығы азырақ, оны ақтау да оңайырақ, шындық ашылған жағдайда ұмытшақтыққа сілтеуге болады. Бірақ кейде, басынан бастап өтірік айтуға тура келеді, себебі бұнда жалғыз үндемеу ғана жеткіліксіз.

Жоғары иланушылық, конформдылықпен, ерекшеленетін истероидты типті, тұлғалық өзін жүйелеуге, «рөлдерді ойнауға» бейім тұлғалар санатының бар екендігін есте ұстау қажет. Оларда өтіріктің еріксіз, шындыққа жанасымдылығы жоқ жағдайлар туралы пікірлері, әртүрлі бұрмалаулар көрінісінің үлкен ықтималдығы бар. Бұл «эмоционалдық-еріктік саладағы дисгармониямен көрінетін, тәртіп және мінез-құлық ауытқуы бар психопатиялық тұлғалар»⁴.

Көрінеу жалған түсініктер — ойдан шығарылғандықтан, жауап беруші тұлғамен саналы түрде бұрмаланған негізгі айғақтар немесе барлығы тұтастай шындыққа жанаспайтын түсініктемелер. Көрінеу жалған түсініктердің маңызды белгісі. Жауап беруші тұлға, біріншіден, ол хабарлайтын мәліметтің шындыққа жанаспайтындығын сезінеді, екіншіден түсінік беру кезіне дейін де, кезінде де бұл туралы, оның жалған, ойдан шығару жемісі екендігін де біледі.

Біле тұра жалған түсініктерді беру — жігерлі әрекет, бұнда субъект жалған түсініктерді беру мақсатын сезіне отырып, жоспарлау және орындауды жүзеге асырады. Бәрінен бұрын мінез-құлықтың тікелей ынталандыруына айналу ниеті, ол түсінуге және дәлелдеуге ұшырайды. Шынайы және жалған түсініктер «оң» және «теріс» әдістер күресі орын алады. Жауап алудың болашақ субъектісі алға озып, жауап алу үрдісін және оның нәтижелерін ойша күні бұрын сезеді. Қандай да бір шешімді қабылдауда жауап берушінің еркі, оның моральдық бейнесі, саналылық деңгейі, азаматтық міндеттерге қатынасы көрінеді.

Беттестіруді өткізудегі құқық қорғау органдары тәжірибесінде орын алған, кейбір кемшіліктерді де атап өту қажет. Барынша таралған қателіктердің бірі істе бар дәлелдік база үшін керек емес алынған нәтижелерді тергеушінің қауіптенуінен, оның мақсаттылығына дәлел болатын жағдайда, беттестіруді өткізбеу. Бұндай қателік әдетте шындықтың бұрмалануына немесе оны анықтауда қиындыққа әкеледі.

Осы мәселелерді құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметкерлерінің анықтауы қылмысты тез және толық ашу және айыптыларды анықтау үшін, қылмысты жасауға әр айыптыны заңға сәйкес жауапкершілікке тарту үшін, азаматтарды қылмысты жасағаны туралы негізсіз айыптаудан сақтау үшін, қылмысты жасауға жағдай жасайтын шарттар мен себептерді болдырмау үшін маңызды мағынаға ие болады.

¹ Криминалистика: Учебн. / Отв.ред. Б. М. Нургалиев — Караганда, 2009.

² Шакенов А. О. Криминалистика: Оқулық. — Астана, 2008.

³ Коновалова В. Е. Тактика производства очной ставки. — М., 1955. — С. 123.

⁴ Селиванова Н. А. Криминалистическая тактика в вопросах и ответах — М., 1990. С. 400.